

АСТАНЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

апрель Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

АСТАРЫН Н МОЛ ІЗІ

барлық жаңалық пен
есуге тиіс. Қазіргі уа-
қының егін даласын
бригадасында, келе-
дерді шешілетін жер

шығыс пен батыс об-
лысының астық қоры
ды. Астықтың көбін
реді. Сондықтан әрбір
да негізгі дақыл— жаз-
ымін арттыру шарала-
ят белгілеп жүзеге асы-
ы көктем жағдайында
ге егіс жұмыстарының
ен бастап кірісіп, 15
аяқтау керек. Бұл

ілген бидай ерте түсе-
н зиянды зардабына
мықтап кемуі мүмкін
және Ақтөбе облыста-
й жер жыртуға белге-
ы 3-4 күннің ішінде
тыс Қазақстан, Коста-
Наволдар облыстары-
аса бағалы азық-түлік-
ы өсіруді елеушілікті

тер, сүрленетін дақыл
ындық жеміс тамырлы

Облысымыздың егіс даласында

Өнімді еңбек

Молоотов атындағы ауылшаруашылық
артелінің (Ленин ауданы) егіншілері Бі-
рінші Май қарсаңындағы социалистік
жарыстың шешуші күндерінде көктемгі
дала жұмыстарына кірісті.

Колхоз мүшелері Қазақ ССР Министр-
лер Советі мен К(б)П Орталық Комите-
тінің республикамыздың колхоздары мен
совхоздарында дәнді дақылдардың шы-
ғымдылығын арттыру жөніндегі қаулы-
сына іспен жауап беру жолындағы со-
циалистік жарысқа жаппай ұштасып,
көктемгі егіске тыңғылықты әзірлік
жүргізді. Бұл көктемгі дала жұмыстарын
алғашқы күндерден бастап, тез және
сапалы жүргізуге мүмкіншілік беріп
отыр.

Мұнда бірінші жұмыс күнінің алғаш-
қы сменасында 40 гектар пар мен зябь
жыртылған жерлер тырмаланып, ылғал-
мен қамтамасыз етілді. Осымен бірге,
күздік егісті жергілікті және минералды
тынайықштармен үстеп қоректендіру
де ойлағыдай жүргізіліп жатыр.

Жұмыстың қай участегінде болсын
колхозшылар өнімді еңбек етіп, күрделі
табыстарға ие болып жүр. Олардың кө-
зіргі кездеп отырған негізгі мақсаты—
күздік егісті үстеп қоректендіру және
пар мен зябь жыртылған жерлерді ерте

Республиканың солтүстік-шығыс және батыс облы- колхоздары мен совхоздарында көктемгі егісті өткізу

Колхоздар мен совхоздарда көктемгі
егісті өткізу туралы мәселе қарап, Қазақ
ССР Министрлер Советі мен Қазақстан
К(б)П Орталық Комитеті мынаны атап
көрсетті: республиканың оңтүстік облыс-
тарының бірсыпыра аудандарында көк-
темгі егіс жұмыстарын шапшаң қарғын-
мен, қысқа мерзім ішінде өткізуге мате-
риалдық - техникалық қорлар жеткілікті
бола тұрса да, МТС-тердің тракторлары
пен ауылшаруашылық машиналарын жә-
не колхоздардың күш-көліктерін пайдала-
удың қанағаттанғысыз болғандығынча
дәнді дақылдар, мақта, күнбағыс және бас-
қа дақылдар егісі кешіктірілді. Күздік да-
қылдар егісін куту және үстеп қоректен-
діру жөніндегі жұмыстар нашар ұйым-
дестырылды, ал, күздік бидай мен қара-
пайдалық мол өнім алуды қамтамасыз
ету ісінде бұл жұмыстардың зор маңы-
сы бар.

Республиканың оңтүстік аудандары-
ның кейбір партия, совет және ауыл-
шаруашылық органдарының басшылары
1951— 1952 жылда мал қыстату жұ-
мысының қанағаттанғысыз өткізілгенді-
гінен тиісті қорытынды шығармады,
жалды жемшөппен қамтамасыз етудің
жамын жасамай отыр, көпжылдық және
біржылдық шөптерді, малазығындық,
сөміс тамырлы және сүрленетін дақыл-
дарды егу жұмысын деркөзінде өткізу-
дің, жемшөптік екпе дақылдардан мол
өнім алуы қамтамасыз ету жөніндегі
шараларды қолданудың және табиғи мал
қайылымдары мен шабындықтардың кү-
шарлығын едәуір арттырудың тиісті
агротехникалық тәсілдерін қолданудың
шарасын істемей отыр.

Колхоздар мен совхоздарда егінді қор-
ғайтын орман алқаптарын салу дәнді
дақылдар егісінің қарқынынан артта
қалып және бәсеуілдеп отыр.

Министрлер Советі мен Қазақстан
К(б)П Орталық Комитеті республиканың

Министрлер Советі мен Қазақстан
К(б)П Орталық Комитеті былай деп
есентейді: быйылғы жылы көктемгі егісті
ойдағыдай өткізуге, сөйтіп, 1952 жылы
барлық ауылшаруашылық дақылдарынан
мол өнім алу үшін берік негіз салуға
республиканың солтүстік - шығыс және
батыс облыстары колхоздарының, МТС-
тері мен совхоздарының керекті мүмкін-
діктерінің бәрі бар.

Республиканың солтүстік - шығыс жә-
не батыс облыстарының колхоздары мен
совхоздарында көктемгі егісті өте сапа-
лы етіп, деркөзінде өткізу мақсатымен
Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ-
стан К(б)П Орталық Комитеті қаулы
етеді:

Ауылшаруашылық, совхоздар министр-
ліктері, республиканың солтүстік-шығыс
және батыс облыстарының облыстық
атқару комитеттері, аудандық атқару
комитеттері, Қазақстан К(б)П облыстық
комитеттері мен аудандық комитеттері,
МТС және совхоз директорлары көктемгі
егісті жоғары сапалы етіп ойдағыдай
өткізу, барлық ауылшаруашылық дақыл-
дарының түсімділігін арттыру ісінде өте
маңызды міндет болып табылатындығын
еске ала отырып, әрбір колхоз бен сов-
хозда көктемгі егістің деркөзінде және
жоғары сапалы өткізілуін қамтамасыз
етуге міндеттелсін. Бұл мақсат үшін
мына жұмыстар істелсін:

а) талау күндердің ішінде колхоздар-
дың, МТС-тер мен совхоздардың көктемгі
егіске барлық әзірлігі аяқталсын, әрбір
МТС пен совхозда тракторлар мен ауыл-
шаруашылық машиналарын жөндеу жұ-
мысының аяқталуы, керекті мұнай өнім-
дерінің жеткізілуі, дәнді, майлы және
сүрленетін дақылдардың мемлекет босат-
қан тұқым қорын жеткізіп алу және көп
жылдық шөптер мен малазығындық же-
міс тамырлы дақылдар тұқымдарын са-
тып алу қамтамасыз етілсін;

рын күнделікті жұмыс-
данатын болсын, тракт
сменада тіркелетін машина
тіркеп, толық күшімен жұ
қамтамасыз етілсін, әрбір тра
гіленген сменалық нормалары
және асыра орындап отыратын
МТС директорлары мен олардың
жұмыс жөніндегі орынбасарларына
трактордың екі сменамен жұмыс
үшін және көктемгі егісті өткізу жөні
колхоздармен жасасқан шарттағы мінде
темеңдердің тағайындалған мерзімін
орындауы үшін тікелей жауапты еке
діктері ескертілді.

Ауылшаруашылық, совхоздар министр-
ліктері, партия, совет және ауылша-
руашылық органдарының басшылары ег
жұмыстарының сапасын үздіксіз бақыла
отыруға, егіс бригадалары бригадалық
лерінің, бөлімдер мен фермалардың бас
қарушыларының орындалған жұмыс
күн сайын, ал, колхоз председателдер
мен совхоз директорларының кемінде
күнде бір рет қабылдауларын қамтам-
сыз етіп отыруға міндетті. Атүсті қ
раушылықтың және агротехниканы бу
тушылықтың қандай түрін болса
колхозға қарсы және мемлекетке қарсы
теп санап, агротехникалық талаптар
тузушылыққа батыл тыйым салынсын

Министрлер Советі мен Қазақст
К(б)П Орталық Комитеті ауылшаруашы-
лық, совхоздар, орман шаруашылығы
министрліктерін, облыстық және аудан-
дық партия комитеттерін, облыстық ж
не аудандық атқару комитеттерін егін
қорғайтын ағаш егу және ағаш отырғы-
ту жұмыстарын кешіктірмеуге, бұл
жұмыстарды ерте егілетін дәнді дақыл-
дарды егумен қабат жүргізуге, сонымен
қатар сиретілген алқаптарды толықты
жөніндегі және жаңадан салынатын о
рман алқаптарын куту, көбірек куту
керек ететін өткен жылы отырғызылға
ағаштарды куту жөніндегі жұмыстарды

мен озат тәжірибе негізінде белгіленген, республикамыздың солтүстік-шығыс және батыс облыстарының колхоздары мен совхоздарында егісті өткізу жөніндегі шараларда быйылғы көктемнің қысылшан жағдайында егіс жұмыстарын ойдағыдай орындап, егіннен мол өнім алудың негізін жасау үшін не істеу керек екені толық көрсетілді. Бұл шараларды колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, өндіріс кестесінде, егін және трактор бригадаларында кеңінен талқылап, олардың сөзсіз орындауын қамтамасыз ету керек.

Егіс жұмыстарының жоғары сапалы болуы үшін күресу — егісті үлгілі өткізудің ең маңызды шарты. Тұқымды ауа, күн жылуымен қыздыру, тұқымды тоғыс наны, тар қатарлы және шаршы-ұялы әдіспен себу, түйіршіктелген тыңайтқыш енгізу, күздік дақылдарды ерте көктемде үстеп қоректендіру және басқалары сыяқлы ғылым мен практиканың табыстарын колхоздар мен совхоздар өндірісіне кеңінен енгізу керек. Әрбір колхоз бен совхоз бұл жұмыстар бойынша өздеріне белгілен берілген жоспарлы тапсырмаларды орындап қана қоймай, едәуір асыра орындауға міндетті. Егісті қысқа мерзімде өткізу үшін күрескенде, оның есебіне жұмыстың сапасы кемітілмеуін, агротехниканың бұзылмауын қатты бақылап отыру керек. Ауыл шаруашылығының мамандары егіншілік мәдениетінің жоғары

тарында жақсы тамақтануын, мәдениетті дем алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Колхозды деревняда саяси және өндірістік өрлеу күшеюде. БК(б)П Орталық Комитетінің 1 Майға арнаған урандарымен жігерленген социалистік егін даласының еңбекшілері партия мен үкімет асыл шаруашылығының алдына қойған міндеттерді аброймен орындау жолына өздерінің барлық күшін аянбай жұмсауда. Партия ұйымдары бұқараның саяси және еңбектегі белсенділігіне басшылық егіп, көктемгі егісті үлгілі өткізуді көздейтін социалистік жарысты кең өрістетуге тиіс. Село коммунистерінен жарысқа тусушілердің алдыңғы қатарында болу, өздерінің өнегелі ісімен ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерін алға бастау талап етіледі.

Көктемгі егісті ойдағыдай өткізу — социалистік ауыл шаруашылығын өркендету жолында жаңа табыстарға жету күресінің аса маңызды кезеңі.

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС және совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары! Көктемгі егісті және басқа ауылшаруашылық жұмыстарын үлгілі өткізейік! Колхоздар мен совхоздардың барлық егісінде мол өнім өсірейік!

(«Социалистік Қазақстанның» 26 апрельдегі басмақаласы).

Табиғатты өзгертудің сталиндік жоспары жүзеге асырылуда

Еліміздің оңтүстіктегі облыстарының колхоздары мен орман шаруашылықтары көктемде ағаш отырғызу жоспарын аяқтауда.

СТАВРОПОЛЬ өлкесінің колхоздары жылдық жоспарды артық орындады. Барлығы 13 мың гектардан астам жаңа орман алқаптары салынды, оның ішінде 8 мың 558 гектар емен ұялы әдіспен егілді. Емен жаңғағын егу барлық жерде бірдей механикаландырылды. Жүздеген орман-мелиорациялық звенолары ескі орман алқаптарын кепкен ағаштардан тазартуда, қатаралығындағы жас көшеттердің түбін қопсытып, арам шөптен тазартуда.

КИРОВОГРАД облысының колхоздары көктемде ағаш отырғызу жоспарын аяқтады. Колхоздардың құмды және жырасай маңайындағы жерлерінен 7 мың гектардан астам жерге ағаш отырғызылды.

ДАҒЫСТАННЫҢ колхоздары көктемде орман алқаптарын салуды аяқтады. Колхоздардың пайдаланбаған жерлерінің шекараларына және ауыспалы егіс танаптарының айналасына өткен көктемдерден 7 есе көп ағаш отырғызылмақ. Еменмен және терекпен қатар жемісі және техникалық ағаштар — өрік, алмұрт, инжир, грек жаңғағы, тұт ағашы отырғызылды.

КУРСК облысының аудандарында жаңа орман алқаптарын салу басталды. 500 гектардан астам жерде ұялы әдіспен ағаш жаңғақтары егілді. Курск орман қорғау станциясында бірінші рет жаңғақ егуден қатар, ағаш пен бұта отырғызатын 5 агрегат жұмысқа қосылды. Бұл агрегаттар «ХТЗ—НАТИ» тракторынан, Чачкиннің ағаш отырғызатын машинасынан және станцияның мастерскойында ағаш жаңғақтарын ұялап егу үшін қайта жабдықталған «СЛ—4» сеялкасынан құралды. (СОТА).

озаттары

Булаев ауданындағы Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінде 260 гектар пар мен зябь жыртылған жерлер тырмаланды. Осымен қатар, колхоз егіншілері жер жыртуды да бастады. Бұл жұмысқа трактор паркінің қуаты сарқа пайдаланылуда.

Тракторшы Қ. Ысқақов жолдас «С—80» тракторымен смена сайын 15 гектар жер жыртып жүр. Қ. Ордабаев және А. Изтаев сыяқты жекелеген тракторшылар Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, тағайындалған сменалық тапсырманы ұдайы дәлме-дәл орындап келеді.

Осы колхоздың егін даласында жұмыс істейтін трактор отрядтарының барлық тракторшылары дерлік көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу жөнінде өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алып, социалистік жарысқа ұштасқан. Олар жер тырту, пар мен зябьті тырмау және күздік егісті үстеп қоректендіру жұмыстарын тез қарқынмен жүргізумен бірге, алғашқы күннен бастап жанар, жанар майларын да үнеммен жұмсауда.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

Совхоз егіншілерінің алғашқы табысы

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының егіншілері де көктемгі егіс жұмыстарына кірісті. Әрбір ферма сайын трактор отрядтары егіс басына келді де пар мен зябь жыртылған жерлерді тырмалап, күздік егісті жергілікті және мичералдық тыңайтқыштармен үстеп қоректендіріп жатыр.

№ 1 фермада бір сменада 60 гектар пар мен зябь тырмаланды және бірнеше гектар күздік егіске үстеме қорек берілді. Пар мен зябьті тырмалауда және жерді сыдыра жыртуда тракторшы Крепах жолдас тағайындалған күндік жұмыс нормасын 150 — 160 проценттен орындап жүр. Бұл — таңдаулы тракторшының 1 Майға арнаған тартуы.

Ә. ДОСЖАНОВ.

Йағы жылдың көктемгі егісінің осы өзгешеліктерін ескермей, әзірлікті толық аяқтауға әлі де қанағаттанғысыз басшылық етуде. Соның салдарынан бірсыпыра колхоздар, МТС-тер мен совхоздар көктемгі егіс жұмыстарын өрістете бастауда кешігіп отыр, мұның өзі көктемгі егісті өткізу мерзімін ұзаққа созып кетуді және ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Республиканың солтүстік-шығыс мен совхоздарында көктем шаруашылығы мен совхоз атындағы Бүкілодақтық Қазақ

Үстіміздегі жылы республиканың солтүстік-шығыс облыстарында көктемгі маусымда суықтардың және жауын-шашынның жиі қайталанып, ауа райының тұрақсыз болуы ықтимал. Көктемнің кеш шығуы және ауа райының тұрақсыз болады деп күтілуі колхоздардан, МТС-терден, совхоздардан барлық еңбекшілерді мейлінше толық пайдалануды, көктемгі егіс жұмыстарында асқан ұйымшылдық болуын, сөйтіп, ашық күннің әр сағатын пайдаланып, егіс жұмыстарын мейлінше ең қысқа мерзімде орындауды талап етеді.

Көктемгі егіс жұмыстарының бүкіл комплексін орындауға деркесінде әзірлену және оны ойдағыдай өткізу, ең алдымен, материалдық-техникалық базаның әзір болуына байланысты. Сондықтан солтүстік-шығыс және батыс облыстардың барлық колхоздарынан, МТС-тері мен совхоздарынан талу күндердің ішінде тракторларды, тіркеу құрал-саймандарын жөндеу жұмыстарын толық аяқтау, сөйтіп, егіс жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап барлық машиналарды жұмысқа қосып, олардың қуатын толық пайдалану талап етіледі.

Егін шаруашылығының мәдениетін оған әрі арттыру және 1952 жылы барлық егіс көлемінде ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алынуын қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының V съезі және Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің I

теттері шина дағға машина елеулі трактор никалы қамтудың тиіс шықты, ша

тінің I жүзеге быйыл ала от колхоздары ліктерг лық о тер ме ның м ету, ел ру тал ұйымш қорлар жұмыс сағатты

Осы ғыс ж рында, 1952 : ралард тиіс:

1. У релің рақтағ нен мо тарынь

Топь тымен егіс ж ғашқы лау ж бүкіл уын к Бұл тау үп

с облыстарының колхоздары жөніндегі Қазақ ССР ауыл ің және В. И. Ленин атындағы Ғылым академиясы аралары

олайлы жұмысқа қосумен қатар, көлікті толық
қталуға және өте өнімді пайдалану колхоздардың,
іс жү- МТС-тер мен совхоздардың басшылары-
тиіс. ның бірінші дәрежелі міндеті болып
жақсы табылады. Көлікті азықтандыру ісін
және жақсарту қажет, егіс бригадаларында
р таң- көлікті арнаулы адамдарға бекітіп беріп,
стоктегі оған көлікті дұрыс пайдаланудың және
жүргізу оны күтудің жауапкершілігін жүктеу
керек.

және Көлікпен жұмыс істеген кезде жұмыс
ге қар- өнімін арттыру керек, жұмыс күнінің
дандық дұрыс тәртібін белгілеп, жұмыс көлігін
ТС-тер- уақытында азықтандыруды және суару-
дардың ды, көлік саймандарының дұрыс болуын
і күре- қадағалап отыру керек. Жер жырту
індетті және тұқым себу жұмыстарында көлікті
арам ауыстырып отыру тәртібін енгізу керек.

парды 13. Көктемгі егісті жүргізген кезде
умысын совхоздардың, МТС-тердің басшылары,
қаулап ауылшаруашылығының мамандары әрбір
опыра- колхозда ауыспалы егіске көшу жоспа-
р-рының орындалуын күшті қадағалауға,
е сы- ауыспалы егіске көшу кестесінің, егістік
ебу ке- жерлердің шеттерінің бұзылуына жол
сінде қаралған шаралардың бүкіл
комплексінің жүзеге асырылуын жете
қадағалап отыруға тиіс.

ойда- 14. Көктемде ағаш отырғызу мәселенің
болып тік маңызы аса зор міндет болып табы-
лады. Көп аудандарда колхозшылар
ағаш отырғызудың жылдық жоспарын
көктемде орындауға ұйғарып отыр.
Ауылшаруашылық органдары бұл ини-
циативаны мейлінше қолдауға міндетті.
Егін қорғайтын орман алқаптарын жасау
жұмысы ерте пісетін дәнді дақылда
өгілетін мерзімде, барлық агротехника-
лық ережелерді сақтай отырып жүргізі-
луге тиіс.

Мұзафар Әлімбаев

ТӨРТ ӨЛЕН

(Юлиус Фучик туралы)

Елінің жаңа туында
Менің де тамшы қаным бар.
Чех ұлы, осы жырымда
Ұсынған адал жаным бар.

I.

Қулазыған бос көше.
Кілттеулі есік. Сөнген шам...
Осындай ма еді бұл кеше,
Прагаға не болған?

Көп елдің шаңын аркалап,
Көп танкі кірді қалаға.
Басқан ізін өрт жалап,
Теңегендей молаға.

Моравия, Острова,
Лава аңғары, Шумава...
Бәріңде құлдық замана,
Бәріңде осы улы ауа.

Тулады жүрек, тулады.
Кеудеге жүрек сыймады,
Отанын жатқа қыймады,
Халық бір күшін жыйнады...

Казанында хауіптің
Сабырмен, қайсар төзіммен
Шындасып кегін халықтың
Коммунистік сөзімен
Жүрді ол,

Өзін ұмытты,
Күрестен тапты жұбаныш,
Шығыстан жетсе қуаныш,
Соны естіп жаны тынықты.

Подвалда, қала шетінде
Басылды «Руде право» I/
Сталин сөзі бетінде,
Оқыйды ертең Прага!

...Баспадан жаңа шығыпты,
Бояуы әлі келпепті.
Көтеріп біреу үмітті,
Көшеге түнде ап кетті.

«Ертеңгі санға — газетке

Айт, әйтпесе өртеймін:
Күлің де сонда қалмайды!

— Мен шаршадым, сен кіріс,
— Өзі неткен итжанды?
— Бұл не қылған кідіріс?
— Қоя ма, жоқ па қыйқанды?!

Тағы да тұтқын басынан
Темір шыбық сарт етті.
Талып кетті қайран тән,
Орындыктан жалп етті.

Өрт қамаған аш аңдай
Аласұрды жеңдеттер.
«Қалармыз сыр аша алмай,—
Дей ме екен, — өтсе минуттер».

Мақсаты — қайтсе сыр тарту,
Шала өлікті сөйлету,
Тергеуді қайтсе қыскарту,
Жазаны қайтсе тездету.

«Жау алдында жалтақтау —
Жанды қояр жер таппау.
Жау алдында үн қатпау —
Партия туын құлатпау!

Мен не болсам болайын,
Халық үшін көнейін.
Гитлер де тартар сазайын,
Бас имейін, өлейін».
Деді ол.

Елге тарады

Аңыз боп осы ерлік іс.
Халықтың өзі соғады
Мәңгілік оған ескерткіш.

«Ісіне қарап, кісіні үк,—
Осы еді оның макалы, —
Күресте адам ысылып,
Күресте өссін сакалы».

Вольтметр күрестің
Жүректің тоғын өлшеді.
Халықты осал демессің,
Фучик — соның бөлшегі.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 25 апрель. (СОТА). Корей
Халық-Демократиялық Республикасы Халық-
армиясының Бас командованиесі бүгін
Корей Халық армиясының құрамалары
қытай халық еріктілері бөлімдерімен бір-
лесө тығыз қыймыл жасай отырып жауға
қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізумен
болды деп хабарлады.

Кеше және бүгін біздің әскерлеріміздің
зениттік артиллерия бөлімдері және жау
самолетін аңдып атқыштар майдандар
мен тылдағы аудандарға шабуыл жасаған
және бейбіт елді пункттерге пулеметпен
оқ жаудырып, бомбалауға қатысқан дүш-
панның 10 самолетін атып түсірді.

ИТАЛИЯНЫҢ БАСПАХАНАШЫЛАРЫ МЕН БАПАСӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАППАЙ ЕРЕУІЛІ

РИМ 23 апрель. (СОТА). Кеше жергі-
лікті уақыт бойынша 20 сағатта бүкіл
Италияның полиграфия және қағаз өнер-
кәсібі жұмысшыларының оның ішінде га-
зет баспаханаларының жұмысшылары мен
қызметкерлерінің 24 сағаттық ереуілі бас-
талды. Ереуілді әрі Италияның жалпы
еңбек конфедерациясы және басқа өнеркә-
сіподақ орталығына кіретін кәсіподақтар
жариялады. Ереуіл жұмыс берушілердің
бұл кәсіптегі қызметтегілердің жалақы
арттыру туралы талабын қанағаттандыру
дан бас тартуы себепті туды.

Италияның барлық журналистері —
«Италияның баспасөз федерациясының»
мүшелері коллективтік еңбек договоры-
ның шарттарын қайта қарауды талап ете
отырып, өздерінің 24 сағаттық жалпы
ереуілін баспаханашылардың ереуілімен
қабат жариялауға ұйғарды. Сонымен, 23
апрельде таңертеңде, кешке де бірде-бір
газет шықпады. Италия газеттерінің күн-
бе-күнгі жалпы тиражы 5 миллион дана-
ға жетеді. АНСА агенттігі және басқа

асталысымен алғашқы 3—4 күннің ішінде себілуге тиіс. Бұл облыстарда аздық бидайды себуге аз да болса кезеуілдеу оның өнімділігінің кемуіне тәліп соғады.

7. Ақтебе, Батыс Қазақстан, Семей, авлодар облыстарының колхоздарында са бағалы азық-түлік дақылын—тары-ы өсіруге мемқұрайды қараушылық ойылуға тиіс. Бұл облыстардың тары етін барлық колхоздары мен совхоздарының жұмыс практикасына Шығанақ ерсиеттің және оның үлгісімен істейіндердің мол өнім алу жөніндегі жұмыс істері кеңінен енгізілуге тиіс. Бұл істің мәні мынада: тары егісіне тын, айналысқан және арам шөптерден та-жұмсақ жерлер бөлінеді, егіске өте ірі тұқымдар таңдап алынады, ерлікті және минералдық тыңайтқыш-р қолданылады, тары егісі оның тез өне жиі көктеуін қамтамасыз ететін рзімдерде жүргізіледі. Тары егісін іп және қатар әдіспен сеялқалармен бу керек, ал жұмсақ жерлерде —қараралығы 45 сантиметрден кең қар-рлы әдіспен себу керек, сөйтіп, егістің тараралықтарын механизмдермен өн-уге мүмкіндік жасау керек.

Зябке арналып жыртылған жұмсақ-рлерді тары еккен жерге, арам шөп-өге қарсы күресу мақсатымен, көктем-ерте тырмалау үстіне, тұқымның то-рақ астына терең жіберілуі үшін с алдынан культивациялау қажет. Та-егісін көктемде жыртылған жерге-пен безде жерді қосымша түрені бар-угтермен ерте мерзімде жыртып, оны-н бірге, тырмалау және тегістеу жү-старын жүргізу керек.

8. Солтүстік-шығыс және батыс об-стардың колхоздары мен совхоздары-**жемшөп** дақылдарының егісіне ерекше-ар аударылуға тиіс.

Көпжылдық шөптер, сүрленетін да-рлар және жемшөптік жеміс тамырлы-стерді әрбір колхоз бен совхозда егіс-мыстары басталысымен 3—4 күннің-нде аяқтау керек, сөйтіп, шөптен,-ымнан және құнарлы жемшөптен мол-м алуға берік негіз қалау керек.

тор бригадаларымен диспетчерлік бай-данысты қамтамасыз ету қажет. Бұл жұмысты трактор бригадаларына қажет-ті көмек көрсету мәселелерін өздігінен шеше алатын жауапты қызметкерлерге жүктеу керек.

МТС-тер мен совхоздардың дирекция-лары әрбір бригадала және отрядта өт-кен тәуліктің ішінде қанша трактор жұмыстары орындалғанын күн сайын бі-ліп отыруға, тәуліктік тапсырмаларды орындамаған бригадалар мен отрядтардың жұмысын жақсартуға жедел шаралар қолдануға міндетті.

МТС-тер мен совхоздардың директорла-ры, бас инженерлері тракторларды және ауылшаруашылық машиналарын техника-лық күту графигінің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге, көшпелі автомастер-сезілдердің жұмысын тыңғылықты ұйым-дастыруға, сонымен қатар, МТС-тер мен совхоздар мастеркойларының тәулік бо-йы жұмыс істеуін ұйымдастыруға мін-детті.

Колхоздардың басқармалары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын өте өнімді пайдалану үшін қажетті жағдай жасауға —егін салынатын жерді уақы-тында әзірлеуге, трактор бригадаларына тыңғылықты қызмет жасау: жанар май-ды, суды, тұқымды уақытында жеткізу-ді, трактор бригадаларында жұмыс істей-тін тракторшылар мен колхозшыларға қажетті мәдени- тұрмыс жағдайларын жасауды қамтамасыз етуге міндетті.

Доңғалақты тракторлардың жұмыс өнімін арттыру және оларды ерте көктем кезінде пайдалану мақсатымен, МТС-тер мен совхоздар барлық доңғалақты тракторларды жалпақ табанмен, бір-қатар жағдайда тұқымды түнгі уақытта себу қажет болған күнде егіс агрегатта-рын электр жарығымен және маркерлер-мен жабдықтауға тиіс, түнгі уақытта тұқым себуге тәжірибелі тракторшылар мен тұқым себушілерді бөлу керек. Егіс жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастыру арқасында әрбір сеялқаның күніне ең кемінде 30 гектар жерге тұқым себуін қамтамасыз ету керек.

12. Көктем кезінде трактор парнін

тарлардың және совхоз директорлары-ның немесе аға агрономдардың міндегі түрде қабылдап алуы қамтамасыз етіл-сін.

17. Бұл күндерде агрономдардың ал-дына зор міндеттер қойылып отыр. Бы-йылғы көктемнің жағдайында әрбір нақ-ты істе айтылған агрономның беделді сөзі қателіктердің алдын алуға, колхоз-шылардың мәселені дұрыс шешуіне көмектеседі. Міне, сондықтан агрономдар егіс даласында, трактор және егіс бригадаларында—егістің тағдыры нақты шешілетін жерде болуға тиіс. Агроном-дар большевиктік табандылықпен және қажырлылықпен озат агротехниканы, ең-бектің жаңа прогрессивтік әдістерін кол-хоз бен совхоздың өндірісіне енгізу жо-лында күресуге тиіс.

Көктемгі егіс жұмыстарының сапасын арттыруда республиканың ғылыми зерттеу мекемелері үлкен роль атқаруға тиіс. Ғылыми зерттеу мекемелерінің қызмет-керлері көктемгі егіс жұмыстарын жүр-гізуге белсене қатысуға және бұл жұмыста колхоздар мен совхоздарға нақ-ты көмек көрсетуге тиіс.

1952 жылы республиканың солтүстік-пығыс және батыс облыстары колхоз-дарының, МТС-тері мен совхоздарының алдында зор және жауапты міндет — егіншіліктің мәдениетін батыл арттыру негізінде барлық ауылшаруашылық да-қылдарынан тұрақты, мол өнім алы-нуын қамтамасыз ету міндеті тұр. Сон-дықтан қандай да болса жайбарақаттық-қа жол берілмеуге тиіс. Егісті деркесінде және сапалы өткізу үшін батыл күрес ұйымдастыру керек. Мұның өзі колхоз-дардың, МТС-тер мен совхоздардың бар-лық күшін, барлық қаражаты мен мүм-кіндіктерін жұмылдыруды талап өтеді.

Ауылшаруашылық органдарының, МТС-тер мен совхоздардың басшылары, ауыл шаруашылығының мамандары ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің социалистік жарысын басқаруға, оларды көктемгі егіс жұмыстарын үлгілі өткізу, 1952 жылы барлық егіс көлемінде ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу жолындағы күреске жұмылдыруға тиіс.

ЯВЛЕНКА

Жуырда Ленин аудандық сақтық касса-сына «Память Ильича» ауылшаруашылық артелінің мүшесі Самбурецкий жолдас келіп, ССРО халық шаруашылығын қал-пына келтірудің және оны онан әрі өркен-детудің Мемлекеттік екінші заңының 25-сомдық облигациясын ұсынды. Тексерісте колхозшының осы 25 сомдық облигация-сына 6 мың 250 сом ұтыс шықты.

КАРАҚОҒА

Қонюхов аудандық әлеуметтік қамсыз-дандыру бөлімінің путевкасы бойынша Ұлы Отан соғысы мен еңбек мүгедектері-нің бір талайы курорттарда санаторийлер-де және демалыс үйлерінде болды. Өткен жылы ауданнан бірнеше адам Мацест, Сочи, Бурабай, Қазақ ССР-нің әлеуметтік қамсыздандыру Министрлігінің демалыс үйлерінде болып қайтты. Жуырда Месе-вухина және Березина сыяқты еңбек мү-гедектері «Құлчановка» санаторийіне дем алу үшін жүріп кетті.

БОГОЛЮБОВО

Поляков жетіжылдық мектебінің оқыту-шысы П. А. Ткаченко еңбекшілер арасын-дағы үгіт және насихат жұмысына белсене араласып жүр. Ол екі айдың ішінде еңбек-шілер үшін екі баяндама жасап, екі лек-ция оқыды, 15 рет дауыстап газет оқып берді.

Ткаченко жолдас селолық кітапхана жа-нындағы көркемөнер дарындыларының үйірмесіне үнемі көмектесіп отырады, кол-

хоздың қабырға-ға Маркстік- лениндік і-сында насихаттау жо-ласканы үшін П. А. лыстық комсомол ко-мотасымен наградтал-
ПРЕСНОВКА

Сталин атындағы телінің мүшелері жұ-қытында өздерінің ж-мін көтеру жұмыс-Олар үшжылдық агр-де оқыды. Екінші : техникалық бөлімде агроном Шихова жо-өткізеді. Кәзір бұл б-дарды пысықтап, ем-ленуде.

Сол сыяқты, үшжы-курстің программалық-Берия атындағы, Қи-шаруашылық артельд-
ПЕТРОПАВЛ

Ауданның колхозда-дағыштар мен репрод-шылар саны соңғы у-көбейді. Аудандық колхоздардағы дүкен-дағыштар мен репро-жөнелтуде. Кривозер-гель және Асанов тұ-рына жіберілген онда-ғыштарды колхозшы-на сатып алысты.

—00—

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Совет саудасы пәрмібін бұзып

Преснов ауданындағы Благовещенск тұтынушылар қоғамына қарасты Аман-келді атындағы колхоздың орталығындағы дүкенде сауда-саттық жұмысы колхоз-шылар бұқарасының тілегіне сай жүргі-зілмей келеді. Дүкен сатушысы Жаман-кин жолдас келген товарларды коопера-тив мүшелерінің санына қарай әрбір бригадаларға апарып сату орнына, түскен товарлардың барлығын орталық дүкенде сатып, сауда тәртібін бұрмалап отыр.

Мәселен, 12 апрельде қыл-қыбыр маталар бей, орталық дүкенде жағдай жиі кездесіп.

Бригадаларға күнбе-варларды жіберіп тұр-Жаманкин жолдас б-өтпей жатқан сапасыз жет емес товарларды
К